

Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 317/НҚ бұйрығы.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 2-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықтың көшірмесін оған қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі

Ж. Мәдиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2024 жылғы 4 маусымдағы
№ 317/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтердің бағалары

Ескерту. Бағалар жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 11.04.2025 № 148/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС-ты есепке алмағанда қызмет құны, теңге
1.	Халықтың теле-, радиоарналарды қабылдау сапасын қоса алғанда, көрсетілетін байланыс қызметтері сапасының параметрлерін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындау, сондай-ақ радиожилік спектрін, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды мониторингілеу:		
1.1.	радиожилік спектрін, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды мониторингілеу бойынша жұмыстарды орындау	жылына 1 қызмет	1 036 122 454
1.2.	байланыс қызметтері сапасының параметрлерін өлшеу бойынша жұмыстарды орындау	сағатына 1 қызмет	56 773
1.3.	халықтың теле-, радиоарналарды қабылдау сапасының параметрлерін өлшеу бойынша жұмыстарды орындау	жылына 1 қызмет	56 028 861
2.	Радиожиліктер ресурстарын және орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық қолдап отыру:		
2.1.	орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық қолдап отыру	1 жерсеріктік желі	4 768 774
2.2.	радиожиліктер ресурстарын (жерүсті радиоқызметтерін) халықаралық үйлестіру жөніндегі іс-шараларды техникалық қолдап отыру	1 радиобайланыс түрі	21 466 038
3.	Радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу:		
3.1.	радиорелелік станциялар	1 станция үшін 1 радиожилік	9 534
3.2.	ұялы байланыстың стационарлық (базалық) станциялары	1 станция үшін 1 сектор	6 698

3.3.	телевизиялық хабар таратуға арналған радиотаратқыш құрылғылар; эфирлік-кабельді теледидар станциялары; дыбыстық (радио) хабар таратуға арналған радиотаратқыш құрылғылар	1 станция үшін 1 радиожилік	4 325
3.4.	жерсеріктік байланыстың стационарлық (жердегі) станциялары	1 станция үшін 1 радиожилік	3 599
3.5.	с ы м с ы з радиоқолжетімділік жүйесінің стационарлық (базалық) станциялары (WLL)	1 станция үшін 1 радиожилік	13 826
3.6.	ультрақысқа толқынды радиобайланысқа және УҚТ-диапазонына с ы м с ы з радиоқолжетімділік жүйесіне арналған стационарлық қабылдау-тарату радиоэлектрондық құралдары; транкингітік радиобайланыс жүйесіне арналған стационарлық қабылдау-тарату радиоэлектрондық құралдары; радиотелеметрияға арналған стационарлық (базалық) қабылдау-тарату станциялары; ұзын толқынды, орташа толқынды, қысқа толқынды диапазонға арналған стационарлық радиоэлектрондық құралдар	1 станция үшін 1 радиожилік	8 988
4.	Ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары сәйкестендіру кодтарының дерекқорын және абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыруды, олардың жұмыс істеуін, оларды қолдап отыруды және дамытуды қамтамасыз ету, оларға қолжетімділік беру:		
4.1.	ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары сәйкестендіру кодтарының дерекқор		7 067 704

	ресурстарына қолжетімділік беру	айына 1 қызмет	
4.2.	абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқор ресурстарына қолжетімділік беру:		
4.2.1.	ұялы байланыс операторларына	айына 1 қызмет	4 499 192
4.2.2.	қалааралық және халықаралық байланыс операторларына	айына 1 қызмет	253 987
5.	Радиоэлектрондық құралдардың және радиожіліктерді иелікке берудің тізілімін (дерекқорын) жүргізуді және Қазақстан Республикасының елді мекендерінде байланыс желілерінің болуы және байланыс сапасын бақылау нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын интернет-ресурсты (телекоммуникациялардың цифрлық картасы) техникалық қамтамасыз ету:		
5.1.	радиоэлектрондық құралдардың және радиожіліктерді иелікке берудің тізілімін (дерекқорын) жүргізуді техникалық қамтамасыз ету	жылына 1 қызмет	64 140 163
5.2.	Қазақстан Республикасының елді мекендерінде байланыс желілерінің болуы және байланыс сапасын бақылау нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын интернет-ресурсты (телекоммуникациялардың цифрлық картасы) техникалық қамтамасыз ету	жылына 1 қызмет*	89 494 614
6.	Телерадио хабарларын тарату желілерінің жиілік-аумақтық жоспарын келісу, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату желілері үшін радиожіліктерді іріктеу мен қолдап отыру:		
6.1.	телерадио хабарларын тарату желілерінің жиілік-аумақтық жоспарын келісу, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату желілері үшін радиожіліктерді іріктеу мен қолдап отыру	1 станция үшін 1 тағайындау*	111 192

Ескертпе:

*көрсетілетін қызметтің бағасы құрылатын нақты шығындар бойынша қызметті іске асырған сәттен бастап күнтізбелік бір жыл өткен соң қайта сараптауға жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК